

# ***Шахтинск қаласының тарихи және мәдени ескерткіштері***




**«Шахтер отбасы» ескерткіші**



**Жеңіс монументі**



**Ауған жауынгерлеріне арналған  
мемориалдық кешен**



**Абай Құнанбаев ескерткіші**

## *«Шахтер отбасы» ескерткіші*

«Шахтер отбасы» ескерткіші Шахтинск қаласының қалалық саябағында 2009 жылдың тамыз айында «Кеңшілер күніне» орай орнатылған.

Ескерткіштің авторлары Абылкасов Мингиш Мауленович (кескіндемеші, график, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, Қазақ КСР еңбек сіңірген өнер қайраткері) және Виктор Арент (суретші, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі).

«Шахтер отбасы» мүсін композициясының авторлары шой балғамен жұмысқа кетіп бара жатқан шахтерді бейнелеген және оны отбасы: әйелі баласымен шығарып салып тұр.



## ***Виктор Аренд***



Виктор Аренд 1960 жылы Қарағандыда туған. Суретшінің әкесі ата-анасымен 1940-шы жылдары Қазақстанға жіберілді.

1977 жылы болашақ суретші облыстық көркемсурет мектебін бітірді. 1978-1980 жылдары КМС жанындағы изостудияда оқыды, ол кезде оны В.П. Буш басқарған. 1

1986 жылы Ә. Қастеев атындағы көркемсурет училищесін, «Көркем безендіру» бөлімін бітірген. Бөлу бойынша Қазақстан Суретшілер одағының Қарағанды бөлімшесіне жұмысқа жіберілді. 1993 жылы Краснояр мемлекеттік көркемсурет институтын, көркем керамика бөлімін бітірген. 1997 жылдан ҚР Суретшілер Одағының мүшесі.

Облыстық, республикалық және өңірлік көрмелерге қатысушы. Басты жеке көрмелері 2000 жылы Суретшілер одағында, 2010 жылы – Қарағанды өнер мұражайында өтті. Автор Қарағанды мен Астананың

көшелері мен саябақтарын безендіретін бірқатар сәндік мүсіндерді орындады, сондай-ақ қаланың қоғамдық ғимараттарының интерьерлері мен экстерьерлерін безендіру жұмыстарымен айналысады.

2012 жылы суретшінің жұмысы (М. Абылкасовпен бірге) Қазақстандағы ашаршылық ескерткіші байқауында екінші орынға ие болды. Сондай-ақ, ол М. Абылкасовпен бірге Шахтинск қаласында «Шахтер отбасы» ескерткішін құрып, орнатылды.

## ***Абылкасов Мингиш***



Абылкасов Мингиш Мауленович 1943 жылы дүниеге келген, 1965 жылы Алматы көркемсурет училищесін бітірген, кескіндемеші, график, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, Қазақ КСР еңбек сіңірген өнер қайраткері.

Мингиш Мауленович — қарағандылық бейнелеу өнерінің бастаушы буынының өкілі. Оның алғашқы көрмесі 1965 жылы өткен. Сол кезде-ақ ол Қарағанды өнеріне жаңа леп, тың серпін әкелді. Ол жаңа қазақ өнерінің өкілі ретінде социалистік жалған реализмді ұлттық болмысқа бейімдеп, жаңа мән-мағынамен толықтыра алды.

Мингиш Мауленович 1970 жылдан бастап Қарағанды суретшілер одағының мүшесі болды. Өңірлік, республикалық, облыстық және халықаралық көрмелерге қатысып, шебер суретші ретінде тек Қазақстанда ғана емес, жақын және алыс шетелдерде де

танымал болды. 1990-жылдары ол Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейінің директоры қызметін атқарып, бұл мекемені он бес жылға жуық басқарды. Мингиш

Мауленович өмірінің соңына дейін шығармашылықпен айналысты — ол қылқаламын қолынан түсірместен, 70 жасында, 2013 жылы дүниеден өтті.

Ол Суретшілер одағында бас суретші қызметін атқарды, бірнеше рет басқарма мүшелігіне сайланды. 1970-жылдары жастармен белсенді жұмыс жүргізіп, оларды өнерге баулыды. Өз шәкірттеріне көп нәрсе үйретті. Өнердің алғашқы қадамдарын қарапайым да түсінікті етіп жеткізе білетін шебер ұстаз болатын.

## ***Жеңіс монументі***

«Жеңіс монументі» ескерткіші Шахтинск қаласында 2014 жылы Тәуелсіздік скверін абаттандыру аясында ашылды. Абаттандырудың архитектуралық жобасын, соның ішінде осы монументті де, AGS Pro Engineering компаниясы (Алматы қаласы) әзірледі.

Тәуелсіздік скверінде Жеңіс күніне арналған негізгі салтанатты іс-шаралар өтеді: гүл шоқтарын қою рәсімдері, ардагерлер хорының өнер көрсетуі, жеңіл атлетикалық эстафеталар мен театрландырылған көріністер ұйымдастырылады.



## *Ауған жауынгерлеріне арналған монумент*




2009 жылғы 30 тамызда, Қазақстан Республикасының Конституция күніне орай, Шахтинск қаласында «Ауған соғысы жауынгерлеріне» арналған мемориалдық кешеннің ашылу салтанаты өтті. Бұл рәсім Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 20 жыл толуына байланысты ұйымдастырылды.

Мемориалдық кешен қалалық саябақта орнатылған. Ескерткіш кешенінің ашылу салтанатында жауынгер-интернационалистерге «Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 20 жыл» наградальық белгілері табыс етілді.

Бұл — қаладағы патриоттық шаралар өтетін негізгі орындардың бірі. Әсіресе 15 ақпанда (Ауғанстаннан әскерлердің шығарылған күні) және 9 мамырда (Жеңіс күні) маңызды іс-шаралар осы жерде ұйымдастырылады.

2019 жылы, Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 30 жыл толуына орай, Көмір Департаменті «Ауған соғысы жауынгерлеріне» арналған Мемориалдық кешеннің реконструкциясына қолдау көрсетті. Ескерткіштің ашылу рәсімі 2019 жылғы 15 ақпанда өтті.












***Ұлы қазақ ақыны  
Абай Құнанбайұлына арналған ескерткіш***



2011 жылдың тамыз айында Шахтинск қаласында ұлы қазақ ақыны және ойшылы Абай Құнанбайұлына арналған ескерткіш ашылды (мүсінші — Нұрлан Далбай). Абай ескерткіші Шахтинск қаласының 50 жылдық мерейтойы қарсаңында, қала әкімдігінің жанындағы скверде орнатылды.



## *Нұрлан Далбай*



Нұрлан Далбай 1961 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. Алматы көркемсурет училищесін, кейіннен И. Репин атындағы Ленинград кескіндеме, мүсін және сәулет институтын, сондай-ақ Дрезден қаласындағы Жоғары көркемөнер мектебін тәмамдаған.

Нұрлан Далбай — әлемдік бейнелеу өнері тарихына енген ұлы мүсінші Михаил Аникушиннің шәкірті.

1993 жылдан бастап Нұрлан Далбай — Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі. «Жылдың мүсіншісі» номинациясы бойынша «Алтын Адам» ұлттық сыйлығының лауреаты.

Алматы қаласындағы Тәуелсіздік монументінің авторы.

Ол ұлттық рухтың шынайы шежірешісіне айналды. Оның Мұқағали Мақатаевқа, Дина Нұрпейісоваға, Әбілхан Қастеевке, Бауыржан Момышұлына, Абай Құнанбайұлына, Жамбыл Жабаевқа арналған ескерткіштері кеңінен танымал. Нұрлан Далбайдың туындылары Қазақстанның ғана емес, сондай-ақ Франция, Түркия, Германия, Швеция көшелерін де көркейтіп тұр. Сонымен қатар, бұл елдердің азаматтарының жеке коллекцияларында да оның еңбектері бар.

## *Шағын сәулет нысандары*

2011 жылы Көмір департаментімен жасалған Меморандум аясында «Тәуелсіздік сквері» архитектуралық жобасы әзірленді. Бұл жоба әкімдік пен Мәдениет сарайы ғимараттарына іргелес аумақты абаттандыруды, Абай Құнанбаевтың ескерткішін, Жеңіс монументін, Тәуелсіздік стеласын, субұрқақ, кіші архитектуралық формаларды орнатуды, көгалдар мен гүлзарлар ұйымдастыруды қамтиды.

Әкімдіктің артындағы аумақ пен қалалық скверді көріктендіру бір жылмен шектелмейді – бұл көпжылдық жоспар. «Тәуелсіздік сквері» жобасында субұрқақ, балаларға арналған ойын алаңдары, сәндік сағаттар және басқа да нысандар жоспарланған жобаның тек бір бөлігі ғана.





2017 жылы Абай Құнанбаев даңғылы мен Парковая көшесінің қиылысында «Мен Шахтинскіні сүйемін» деген жазуы бар кіші сәулет нысаны орнатылды.